

# Ең алдымен сөз болған

Шипагерлік-аса нәзік мамандық. Оны қобайрайтып, қызылтілмен әсте әсірелеуге болмас. Бұл мамандық нақты сипаттаманы қажет етеді. Апайда дәрігердің жан сырын, кәсіби шеберлігін тап басу-қиынның қиыны. Ұлы суреткер А. Чехов осы мамандық иесі бола тура дәрігер бейнесін сомдауға ұмтылмаған. Шығармасының бояма болып шығатынын білген.

Біздіңде қиналатын жеріміз осы. Өйткені біздің кейіпкеріміз де дәрігер. Күнделікті өмірде аралас-құралас жүргенімізбен әңгімемізге өзек болып отырған Тілеуқұл Мұсахметовты білмейді екенбіз.

Адам жанының арашасы делінетін ақ халатты абзал жандар ісінің сәттілігі, көңіл-күйі алдына келген сырқатқа байланысты. Көңілі пәс, назары төменшік, сырқат меңдеген жандармен күн сайын жүздесу, олармен қоян-қолтық жұмыс істеу жүрекке салмақ түсіреді. Бұл мамандық иелерінің тым тұйық, ойлы келетіні содан.

Еліне еңбегі өткен азаматқа баспасөз арқылы жылы лепес білдірейік деп алдына бардық.

- Менің өмір жолым өздеріңнің көз алдарында өтіп жатыр емес пе? - деп қарап тұр.

Іштілігіне бақты. Сүйсінетін-ақ жайт. Дәрігерлердің бәрі осындай болса игі дегің келеді.

Енді біз тосылдық. Оны жақсы білеміздің ауылы алыстап бара жатқандай. Аюды білмей тұрып, оның өті жөнінде әңгіме қозғағандай қолайсыз күйге түстік.

Бөлмесінен қоштаспай шықтық. Қайтып келеміз дегенімізді ишаралағанмыз. Сонда да байланып қалғандай ауылдағы жалғыз аурухананың ауласынан кете алмай тұрмыз. Піспектері бірғой деп әріптестеріне жүгіндік.

- Мен Тікенді отыз жылдан бері білемін, - деді Шәмілбек Бекішев, - ол Ақадыр ауданында бас дәрігер болғанда орынбасары болып он үш жыл бірге қызмет атқардым. Оның үлгі тұтар қасиеттері бір басына

жетерлік. Солардың ішінде адамды тәнті ететіні-ізденімпаздығы. Мансаптан да мамандығын артық көреді. Және өзі-әмбебап. Медицинаның қай саласынан да хабары мол. Бұл жағынан келгенде ол кісі бәрімізден де көш ілгері тұр. Ауруға ем қолданғанда мүлт кетпейді. Сырқатты тап басады.

Тілеуқұл бүгінде Ақадыр тораптық ауруханасында терапия бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Қашан көрсенде жарқырап жүреді, қабағы бір жабылмайды. Адамдарға жылылық шуағын төгіп, кісіні өзіне тартып тұрады. Барынша қазақы және өзі. Халқымыздың тарихынан да, шежіреден де хабары мол. Салт-дәстүр, тіл мен дінге де оң иығын беріп тұрады.

Тілекең дәрігерлік біліктілігін былай қойғанда адамдармен қарым-қатынаста да озғын. Басқалардай емес, жұмсақ сезіммен емдеуге бейім. Дәрі қуатынан сөз қуатын жоғары қояды. Содан ол аудан көлемінде сыйлы.

Дәрігер қай жерде де дәрігер. Бұл жағынан да Тілекең мамандығына адал. Дастархан басында отырып та өзінің дәрігер екендігін ұмытпайды.

Көп нәрсе адамның мінезділігіне байланысты. Оның шипагерлік қасиеті-мінезімен біте қайнасақ. Бұл-үлкен қасиет.

- Біз Тілеуқұлдың табиғатына қанықпыз. дейді осы өңірге есімі белгілі дәрігер Бейбіт Жазылбекова, ол жаратылысынан қарапайым. Кейбіреу өзін тым ресми ұстайды. Менмендікті біздің мамандық көтермейді. Тілекең болса жақсы мағынасында елгезек жан. Кісі көңілін жықпайды. Алдына барғандар жылы сөзінен көдімгідей сауығып шығады. Ол өз мамандығын дұрыс таңдаған.

Манағы бөлмемізге қайтып оралдық. Өзі жөнінде жақ жазған жоқпыз. Ағайындардың қалам ұстағандарды сөз ұстаушы көретіні барғой. Тікең бізді соған сайып, шешіліп берсін:

- Алдымен сөз болған. Осыны

ескере бермейміз. Адамды өлтіретін де, тірілетін де осы-сөз. Бәрі демей-ақ қояйық, кейінгі жастар адаммен қалай сөйлесуді де біле бермейді. Ап оныңжаны қаяулы болса ше? Ап оныңжаны сырқат болса ше? Кішілеріміздің сөз саптасы «ақсақалдан» келеді. Ап сол «ақсақалдың» жасы өзіненкіші. Аға, ағатай, көке, тәте деуге әсте жоқ. Бізде адамды өзіңе қарату, баурау сырқаттыңжарты емін жасадың деген сөз. Дарымшыны білесіздер. Жыланды арбайды. Көзбен ғана арбайды деу адасқандық. Сөзбен арбайды. Сөз дегеніңіз-дыбыс. әуен...

Бізде айтар сөз қалмады. Аурухана көңілді пәсейтетін жерғой. Содан сергіп шыққандаймыз.

Т. Мұсахметова қазақпадықаден қойған, тұрлаулы азамат. Досқа - адал, жолдасқа - опалы.

- Азаматтық тулғасында қылау жоқдесекте болады. дейді бір ауыздан еңбектес әріптестері Шәмілбек Бекішев, Бейбіт Жазылбекова, Қадыр Муқашев, Бақыт Қадырманова.

Тілекең отбасының ұйтқысы. Құдай қосқан қосағы Балкенекеуіуш бала тәрбиелеп, өсіріп отыр. Тұла бойы туңғыштары-Қаламқас әке жолын қуса, Дәуірі-кәсіпкер, Думаны-заңгер.

Әдетте кісіні көбінесе лауазымына қарап бағалаушылық бар. Кезінде Тілекең де бір ауданда он бес жыл бас дәрігерлік қызметті атқарды. Ақадырлықтар оны күні бүгінге дейін «бас дәрігер» деп біледі. Шипагерлігімен де, қылаусыз сарабал кісілігімен де, қазақи ұлтжандылығымен де көш басында жүру оған жарасады.

Осының өзінде де бір жарасымдылықжатыр.

Өмір КӘРІПҰЛЫ,  
Төрехан МАЙБАС.

Ақадыр кенті,  
ШЕТАуданы.